

**«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның барлық оқу
корпустарындағы асханаларын (буфетті) жалға беру мәселелерін қарау жөніндегі
тендерлік комиссия отырысының
№3 хаттамасы**

Ақтөбе қаласы

29 маусым 2026 жыл

Орналасқан жері:

Ақтөбе қаласы, Ағайынды Жұбановтар көшесі, 263

Отырыстың ашылу уақыты және өткізілетін орны:

Әкімшілік ғимарат, Ғылыми кеңес, 1-қабат, 11 сағат 00 минут

Комиссия төрағасы:

1. Қартжан Наркозы Есенгелдіұлы – Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор

Комиссия мүшелері:

2. Жумабаев Кайрат Саматович – HR және құжаттамалық қамтамасыз ету департаментінің директоры;

3. Сейлханов Руслан Нурланович – Ректор аппаратының жетекшісі;

4. Ескибаева Сандугаш Серикбаевна - Заң департаментінің аға заңгері;

5. Таскарина Багдагуль Мергенбаевна - Экономика және құқық факультетінің деканы;

6. Картбаева Жайнагуль Жаншаевна – Кәсіби-шығармашылық факультетінің деканы;

7. Абдуллина Акжунус Гафуровна – Тарих және география факультетінің деканы.

Комиссия хатшысы:

Турбаева Альбина Женисовна – заң департаментінің заңгері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1	«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның №2 (Тургенев көшесі, 100А) және №5 (Алтынсарин көшесі, 4а) оқу ғимараттарындағы асханаларды (буфетті) жалға беру жөніндегі тендерге қатысу үшін келіп түскен өтінімдерді қарау және тендер талаптарына сәйкес келетін қатысушыларды тендердің екінші кезеңіне жіберу туралы шешім қабылдау.
---	--

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша комиссия төрағасы Қартжан Н.Е.:

Тургенев көшесі, 100А мекенжайында орналасқан №2 оқу ғимаратындағы жылжымайтын мүлікті жалға беру бойынша тендерге қатысу үшін 3 (үш) тендерлік өтінім келіп түсті. Тендерге қатысушылар:

№	Қатысушылар	ЖСН/БСН	Өтінімді берген күні
1	«Асхана номер №1» ЖК	770215401101	25.06.2026ж.
2	«Дәмді ас» ЖК	010512650299	25.06.2026ж.
3	«Ондасынова Латима Сагынғалиевна» ЖК	740814402943	24.06.2026ж.

Тендерге қатысушы «Асхана номер №1» ЖК-нің тендерлік өтінімге қоса берген құжаттары:

- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі;
- тендерге қатысу үшін тендерлік құжаттамада белгіленген өзге де құжаттар: объектіні жақсарту бойынша салымдар, тағамның калькуляциясы мен бағасы көрсетілген мәзір, тағамдардың ассортименті;
- медициналық кітапшаның, соттылығының жоқ екені туралы және есірткі-психологиялық диспансерде есепте тұрмағандығы туралы анықтамалардың көшірмелері.

Тендерге қатысушы ««Дәмді ас»» ЖК-нің тендерлік өтінімге қоса берген құжаттары:

- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі;
- тендерге қатысу үшін тендерлік құжаттамада белгіленген өзге де құжаттар: тағамның калькуляциясы мен бағасы көрсетілген мәзір, тағамдардың ассортименті;
- №075/е нысандағы медициналық анықтаманың, соттылығының жоқ екені туралы және есірткі-психологиялық диспансерде есепте тұрмағандығы туралы анықтамалардың көшірмелері.

Тендерге қатысушы «Ондасынова Латима Сағынғалиевна» ЖК-нің тендерлік өтінімге қоса берген құжаттары:

- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет;
- салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқтығы туралы анықтама,
- тендерге қатысу үшін тендерлік құжаттамада белгіленген өзге де құжаттар: объектіні жақсарту бойынша салымдардың болжамды сомасы, қоғамдық тамақтану саласындағы жұмыс тәжірибесі, тағамның калькуляциясы мен бағасы көрсетілген мәзір, тағамдардың ассортименті, ыдыс-аяқтың болуы, әлеуметтік блок, біліктілік туралы мәліметтер.

Алтынсарин көшесі, 4а мекенжайында орналасқан №5 оқу ғимаратындағы жылжымайтын мүлікті жалға беру жөніндегі тендерге қатысу үшін тендерлік өтінімдер келіп түспеді.

Заң департаментінің аға заңгері Ескибаева Сандугаш Серикбаевна:

«Асхана номер №1» ЖК және «Дәмді ас» ЖК ұсынған құжаттар жалға беру қағидалары мен тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді. Сонымен қатар, «Асхана номер №1» ЖК тендерге қатысу үшін кепілдік жарнаны толық көлемде төлемеген, ал «Дәмді ас» ЖК кепілдік жарнаны мүлде төлемеген.

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның жылжымайтын мүлкін мүліктік жалға беру қағидаларының 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес, «Асхана номер №1» ЖК және «Дәмді ас» ЖК-нің тендерлік өтінімдері қабылдануға жатпайды.

Тендерге қатысушы «Ондасынова Латима Сағынғалиевна» ЖК-нің тендерлік өтініміне қоса ұсынған құжаттары жалға беру қағидалары мен тендерлік құжаттаманың талаптарына толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, қатысушы кепілдік жарнаны толық көлемде төлеген.

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның жылжымайтын мүлкін мүліктік жалға беру қағидаларының 53-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, егер бірнеше өтінім берілген, бірақ тендерлік комиссия тек бір өтінімді ғана қабылдаған жағдайда, тендер өткізілмеді деп танылады.

Мәселені қарау қорытындысы бойынша тендерлік комиссия мүшелері

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тургенев көшесі, 100А мекенжайында орналасқан №2 оқу ғимаратындағы жылжымайтын мүлікті жалға беру жөніндегі тендерге қатысушы «Асхана номер №1» ЖК және «Дәмді ас» ЖК ұсынған құжаттары жалға беру қағидалары мен тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеуіне және кепілдік жарнаны төлемегеніне (толық көлемде төлемегеніне) байланысты аталған қатысушылардың тендерлік өтінімдері қабылданбасын.

2. Тургенев көшесі, 100А мекенжайында орналасқан №2 оқу ғимаратындағы жылжымайтын мүлікті жалға беру жөніндегі тендерге қатысушылардың ішінен тек «Ондасынова Латима Сағынғалиевна» ЖК-нің тендерлік өтінімі жалға беру қағидалары мен тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келуіне байланысты тендер өткізілмеді деп танылсын.

3. Алтынсарин көшесі, 4А мекенжайында орналасқан №5 оқу ғимаратындағы жылжымайтын мүлікті жалға беру жөніндегі тендерге тендерлік өтінімдердің түспеуіне байланысты тендер өткізілмеді деп танылсын.

4. Тургенев көшесі, 100А мекенжайында орналасқан №2 оқу ғимаратындағы жылжымайтын мүлікті жалға беру жөніндегі тендердің екінші рет өткізілмеуіне байланысты аталған объект бойынша одан әрі шешім қабылдау үшін материалдар Қоғам Басқармасына ұсынылсын.

5. Алтынсарин көшесі, 4А мекенжайында орналасқан №5 оқу ғимаратындағы жылжымайтын мүлікті жалға беру жөніндегі тендердің екі рет өткізілмеуіне байланысты аталған объект бойынша шешім қабылдау үшін Қоғам Басқармасына ұсыныс енгізілсін.

Дауыс беру қорытындысы:

ҚАРСЫ – жоқ.

ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР (ерекше пікір) – жоқ.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 7 дауыспен.



Комиссия Төрағасы

М.О.

Комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Н.Е. Қартжан

А.Ж. Турбаева

**HR және құжаттамалық қамтамасыз
ету департаментінің директоры**

К.С. Жумабаев

Ректор аппаратының жетекшісі

Р.С. Сейлханов

Заң департаментінің аға заңгері

С.С. Ескибаева

Экономика және құқық факультетінің деканы

Б.М. Таскарина

Кәсіби-шығармашылық факультетінің деканы

Ж.Ж. Картбаева

Тарих және география факультетінің деканы

А.Г. Абдуллина